



**Автор:** Карабалина Гулжанат Бурабаевна

**Пән:** Физика

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Қысым

**Тақырып:** Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу.

Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу	7.3.1.9 Атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеу әдістерін ұсыну
--	--

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ барысы: Блум таксономиясына негізделді.	7 сыныпта «Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу» тақырыбында өткізілген ашық сабағымның өн бойы Блум таксономиясына негізделді. Сабақтың тақырыбын айқындау әрі, өткенге шолу жасау үшін «Сөздер банкасы» стратегиясын қолдандым. Оқушылар банка ішіндегі сөздерге анықтама бере отырып «Білеміз» ыдысына салып отырды. Жаңа сабаққа «Ой тастау» мақсатында «Атмосфералық қысым» тақырыбына тәжірибе жасап көрсеттім. Тәжірибе барысында стаканға судың жиналу себебін білу үшін, оқулықтан Тірек сөздерге анықтама беру тапсырылды: Атмосфера. Атмосфералық қысым. Э. Торричелли тәжірибесі. Атмосфералық қысымның бірлігі. БАРОМЕТР aneroid. Бұл оқушылардың өз бетінше жұмыстануына тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.	